

## **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 44 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 қаңтарда № 19935 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1) және 2) тармақтарында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер Министрі*

*Е. Тургумбаев*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 22 қаңтардағы  
№ 44 бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары білім беру ұйымдарының түлектерін бөлу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9573 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2014 жылғы 30 шілдедегі № 111 (2679) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары білім беру ұйымдарының түлектерін бөлу қағидасында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Білім беру ұйымдарының күндізгі оқыту факультеттерінің, магистратура мен PhD докторантураларының түлектерін (бұдан әрі – түлектер) бөлу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды ПМ кадр бөлімшесі жүзеге асырады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Түлектерді бөлу";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Түлектерді бөлу жөніндегі комиссиялардың құрамы жыл сайын ПМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Түлектерді бөлу жөніндегі комиссиялардың құрамына ПМ білім беру ұйымының бастығы, ол төрағаның орынбасары болып табылады, ПМ білім беру ұйымының факультеттерінің, бітіруші кафедралардың, кадрлар бөлімінің бастықтары, ПМ полиция департаменттерінің (Көліктегі) (бұдан әрі – ПД (Көліктегі ПД)), қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі – ҚАЖД) өкілдері, сондай-ақ Ішкі істер органдарының Ардагерлер кеңесінің өкілдері кіреді.

Түлектерді бөлу жөніндегі комиссия төрағасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен айқындалады.

Бітірушілерді бөлу жөніндегі комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін оны алмастыратын адам жүзеге асырады.";

7-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) бөлу аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде ПМ кадр бөлімшесіне түлектерді бөлу хаттамасын екі данада бекітуге және оның нәтижелері туралы есеп ұсынады. Бөлу хаттамасы және есеп еркін нысанда құрастырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Үздік диплом алған түлектерге бірінші кезекте ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД қызмет орнын таңдау беріледі.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ПМ білім беру ұйымын біруақытта бітірген ерлі-зайыптыларға жұмыс бір елді мекенде орналасқан ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД бөліністерінде ұсынылады.

Егер ерлі-зайыптылардың біреуі білім беру ұйымын бұрын бітірсе, онда оны бөлу жалпы негіздерде жүзеге асырылады. Оқуды кейін аяқтаған жұбайы (зайыбы) зайыбының (жұбайының) жұмыс орны бойынша бірінші кезекте бөлінеді.

11. Дербес бөлу жөніндегі комиссия жұмысының аяқталуына қарай түлектер некеге тұрған кезде жұбайлардың жұмыс орны осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес ПД (

Көліктегі ПД), ҚАЖД арасындағы келісімі бойынша ПМ кадр бөлінісін хабарлаумен анықталады.

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ПМ білім беру ұйымдарының бастықтары:

1) бөлу тәртібін түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД-ға және ПМ білім беру ұйымдарына оларды тағайындау үшін ұсынылған лауазымдар бойынша мәліметтер ұсыну туралы жыл сайын 10 желтоқсанға дейін сұрау салу (еркін нысанда) жолдайды;

3) ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД және ПМ білім беру ұйымдарының түлектерді тағайындау үшін бос лауазымдар туралы ақпаратын жинақтайды, түлектерді бөлу жөніндегі комиссия отырысына түлектердің сауалнамалық деректерін даярлайды;

4) ПМ білім беру ұйымдарының кадр бөліністері растаған, түлектерді бөлу жөніндегі комиссия отырыстары хаттамаларының көшірмелерін, сондай-ақ оқуға жұмсалған бюджет қаражаты туралы анықтаманы (еркін нысанда) қоса бере отырып жеке істерді ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД-ға жолдауды қамтамасыз етеді;

5) түлектерге дипломдарымен біруақытта ішкі істер органдарына жұмысқа жіберу туралы ұйғарым беруді ұйымдастырады;

6) ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД басшылығымен бірлесіп, ПМ білім беру ұйымдарында кадрлар даярлауды жетілдіру мақсатында түлектердің жұмыс нәтижелеріне зерделеу жүргізеді.

14. ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД бастықтары:

1) ПМ білім беру ұйымдарына бос лауазымдардың бар-жоғы, ақшалай ұстау жалақысының мөлшері, оларға тұрғын үй алаңын беру мүмкіндігі туралы мәліметтер береді;

2) ПМ білім беру ұйымдарымен ішкі істер органдарының бөлімшелеріне түлектерді бөлу және жұмысқа орналастыру бойынша өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

3) түлектерді бөлу жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу үшін кадр бөліністерінің өкілдерін жібереді;

4) түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

5) ПМ кадр бөлінісін және ПМ білім беру ұйымын он жұмыс күні ішінде түлектердің келгені туралы ақпараттандырады;

6) түлектерді лауазымға тағайындауды ұйымдастырады.";

Көрсетілген бұйрыққа қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13148 болып тіркелген, 2016

жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларында :

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Оқу үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау "Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" (бұдан әрі – МЖБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13202 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, білім беру бағдарламаларын алушылардың меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ПМ-нің білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау өткізу тәртібі";

20-тармақ мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің қызметі және оны сайлау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5038 болып тіркелген) бекітілген Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларына және оны сайлау тәртібіне сәйкес анықталады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын ПМ білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын ПМ білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу тәртібі";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын ПМ білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі";

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 22 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13135 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған") мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау тәртібі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындауды автор (авторлық ұжым немесе әзірлеушілер) "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13202 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС), оқу пәні (пәндері) бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Шешімді ашық дауыс беру негізінде отырысқа қатысқан кафедра (цикл, факультет, институт) мүшелері көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда кафедра (цикл, факультет, институт) бастығының дауысы шешуші болып табылады.".

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерін сараптау тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізу және оларға мониторинг жүргізу тәртібі";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Оқу басылымдарын шығару тәртібі".

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 23 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13141 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының қызмет қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ПМ оқу орындарының қызметін басқаруды ұйымдастыру тәртібі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. ПМ оқу орындарының білім беру қызметін ұйымдастыру";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Академиялық кезеңнің ұзақтығын ЖОО "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес дербес белгілейді.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Үлгілік оқу жоспарларын ПМ кадр бөлімшесі ПМ бейінді қызметтерімен бірлесіп әзірлейді және Министр бекітеді.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. ПМ-нің оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. ПМ оқу орындарының (ЖОО-лардың) ғылыми-зерттеу, редакциялық баспа және халықаралық қызметін ұйымдастыру".

5. "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13134 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Магистратураға және PhD докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Магистратураға немесе PhD докторантураға оқуға кандидаттары ішкі істер министрінің орынбасары (бұдан әрі – Министрдің орынбасары), полиция департаменті, көліктегі полиция департаменті (бұдан әрі – ПД (Көліктегі ПД), қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі – ҚАЖД), Төтенше жағдайлар департаменті (бұдан әрі – ТЖД), ПМ оқу орны басшысының атына еркін нысанда баянат береді.";

11. Магистратураға және PhD докторантураға оқуға кандидаттарды іріктеу үшін Ішкі істер министрінің, ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, ТЖД басшысының және ПМ оқу орнының бұйрығымен іріктеу комиссиялары құрылады.

Іріктеу комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Комиссияны төраға басқарады. Іріктеу комиссиясының төрағасы болып ішкі істер министрінің орынбасары, ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, ТЖД, ПМ оқу орны бастығының орынбасары тағайындалады.

Іріктеу комиссиясының хатшысы болып кадр қызметінің қызметкері тағайындалады

Іріктеу комиссиясы ПМ, ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, ТЖД қызметтерінің бастықтары, оқу және ғылыми қызметті жүзеге асыратын ПМ жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары және конкурстық комиссия төрағасының шешімі бойынша штаттық қызметкерлерден тұрады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Іріктеу комиссиясы жұмысының нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда іріктеу комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына қабылдау";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. ПМ жоғары оқу орындары күнтізбелік он күн ішінде ПМ-нің кадр бөлімшесіне қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ магистратураға және PhD докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсыну үшін ұсынады.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында, азаматтық қызметші лауазымдарын қоспағанда, педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар, ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 33 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13133 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында, азаматтық қызметші лауазымдарын қоспағанда, педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар, ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "Ішкі істер органдарына ғылыми-педагогикалық құрам лауазымдарына қызметке алғаш қабылданатын кандидаттарға қатысты конкурс "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 870 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14305 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесіне сәйкес өткізіледі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Конкурс өткізу тәртібі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Конкурс комиссияны құру";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Құжаттарды қабылдау және қарау";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Конкурс тас орналасу тәртібі";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Конкурс бойынша орналасу тәртібі";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



"28. Кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасын және педагогика және психология негіздерін, бейіннің сәйкес лауазымы бойынша пәннің негіздерін білуге тестілеуден өтеді.

Тест сұрақтарының саны жүз жиырма, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге – алпыс сұрақ, педагогика және психология негіздері – жиырма сұрақ, пәндік білім негіздері – қырық сұрақ.

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тест сұрақтары Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын, "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін білуге 10 сұрақтан тұрады.

Тестілеудің жалпы уақыты жүз жиырма минутты құрайды.";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Шағымдану тәртібі".

7. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында, азаматтық қызметші лауазымдарын қоспағанда, педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13144 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында, азаматтық қызметшілердің лауазымдарын қоспағанда, педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ПМ жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мыналарды: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының кодекстерін, "Мемлекеттік құпиялар туралы", "Білім туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Азаматтық қорғау туралы", "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының заңдары) және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелерін, еңбек заңнамасын білуі қажет.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. ПМ оқу орталықтарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары".

8. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13201 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

2-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) үлгілік оқу жоспары – "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13202 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) негізінде әзірленетін, міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін оқу құжаты.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Оқу процесін ұйымдастыру тәртібі";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ПМ-нің арнайы оқу орны ПО қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының оқу бағдарламасын әзірлейді және бекітеді, ол оқудың ұзақтығын, мазмұнын айқындайды және ПО мүдделі қызметтерімен және ПМ-нің кадр бөлімшесімен келісіледі.

Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарында білім алушылардың контингентін жасақтау ПО қызметтерінің өтінімдері негізінде құрастырылатын Жоспар-кестеге сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. ПМ-нің арнаулы оқу орындарында оқу процесін жүзеге асыру тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. ПМ-нің арнаулы оқу орындарының оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі";

9. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 80 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13202 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Негізгі ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында (бұдан әрі – ПМ-нің әскери, арнаулы оқу орындары) білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіптік практика және тағылымдаманың түрлері, мерзімдері және мазмұны " Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМС) талаптарына сай академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Әскери оқу орындарында кәсіптік практикадан және тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру және өткізу";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Арнайы оқу орындарында кәсіптік практикадан және тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру және өткізу";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Кәсіптік практика мен тағылымдаманың қорытындысын шығару";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Кәсіптік практика және тағылымдама бойынша қорытынды баға үлес салмағы қорытынды бағаның 60 % құрайтын ішкі істер органдарынан тағайындалған практика және тағылымдама жетекшісінің бағасын және үлес салмағы қорытынды бағаның 40% құрайтын әскери, арнаулы оқу орнынан

тағайындалған практика және тағылымдама жетекшісі ұсынған есепті қорғау бойынша бағасын ескере отырып, қойылады.

Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағаланады.

Кәсіптік практика және тағылымдама бойынша есепті қорғау қорытындысы қорытынды бақылау ведомосына енгізіледі.

Кәсіптік практиканың және тағылымдаманың қорытындысы әскери, арнаулы оқу орындарының тиісті факультеттерінде, кафедраларында талқыланады. Практиканы және тағылымдаманы жалпы қорытындылау ІІМ әскери, арнаулы оқу орындарының оқу-әдістемелік кеңесінде жүргізіледі.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

"Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің кейбір  
бұйрықтарына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы"  
бұйрыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
ішкі істер органдары білім беру  
ұйымдарының түлектерін бөлу  
қағидасына қосымша

Нысан

## Ішкі істер органына жұмысқа жіберу туралы ұйғарым

Түлек \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
(білім беру ұйымының атауы)

Түлектерді бөлу жөніндегі комиссияның \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шешімінің негізінде жұмысқа

\_\_\_\_\_ ретінде  
\_\_\_\_\_ орналасқан  
(мекенжайы)

\_\_\_\_\_ жіберіледі  
(ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, білім беру ұйымының атауы)

ІМ білім беру ұйымының бастығы Қолы

-----  
(кесу сызығы)

\_\_\_\_\_ түлегі болып табылатын  
(білім беру ұйымының атауы)

мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ орналасқан (мекенжайы)

жұмысқа жолдаманы (ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, білім беру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_ лауазымға алғанымды  
растаймын.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Түлектің қолы

"Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің кейбір  
бұйрықтарына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы"  
бұйрыққа 2-қосымша  
Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру бағдарламаларын іске  
асырып жатқан  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
арнаулы оқу орындарына оқуға  
қабылдау қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Іріктеу комиссиясы отырысының хаттамасы**

Жері № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қатысқандар: төраға, іріктеу комиссиясы мүшелері

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, ТЖД атауы, атқаратын лауазымы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

Күн тәртібі: ІМ жоғары оқу орындары магистратурасына, PhD докторантурасына түсетін кандидаттардың құжаттарын қарау

1. Кандидат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

2. Сұрақтар:

3. Кандидат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

дауыс беру нәтижелері бойынша ІМ жоғары оқу орындары магистратурасына, PhD докторантурасына оқуға жіберуге ұсынылады/ұсынылмайды.

Төраға \_\_\_\_\_ (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_ (қолы)

"Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің кейбір  
бұйрықтарына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы"  
бұйрыққа 3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
әскери, арнаулы оқу  
орындарында білім  
алушылардың кәсіптік  
практикасын және  
тағылымдамасын ұйымдастыру  
және одан өту қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ жеке басын куәландыратын құжатқа

**ЖАПСЫРМА**

курсант \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)), арнаулы атағы)  
\_\_\_\_\_ лауазымдағы

\_\_\_\_\_ (ішкі істер бөліністерінің, мекеменің, органның және лауазымның атауы)  
практиканты болып табылады.  
ПД (Көліктегі ПД), ҚАЖД, ТЖД Кадр бөлімшесінің бастығы

\_\_\_\_\_ (арнаулы атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке куәлікті көрсеткен кезде \_\_\_\_\_

(жеке қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды